

Теректі негізгі мектебі директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Қазыбаева Гүлім Ерболқызына
«Бала және театр» жобасының жетекшісі
Жалмұқанова Аяжан Асқарқызынан
өткізілген іс-шаралар туралы

Хабарлама

Театр – балаларға арналған демократиялық және қолжетімді өнер түрінің бірі, ол замануи педагогика мен психологияның актуалды проблемаларын шешуге көмектеседі:

- балалардың көркемдік білім және тәрбиелеу;
- эстетикалық сезімді қалыптастыру мақсатында мектебімізде театр үйірмесі құрылып, қатысамын деген оқушылар жинақталды. Үйірмеге 2ші 9сынып оқушылары арасынан қатынасамын деген ерікті 15 оқушы қатынасып, тәлім алды. 2021-2022 оқу жылында **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Балалар және театр»** жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Оқу жылының басында оқушыларға жалпы үйірменің талап ережелерімен жоспары түсінідіріліп, таныстырылды. Театрға қатыруға ниет білдірген оқушылардың тізімі алынып жасақталды. Жыл бойын жасалған жұмыстарды тап айтар болсам, қыркүйек айында оқушыларға сөйлеу техникасымен диалогқа бөліп оқу методикасы үйретілді. Қараша айында 5-бсынып оқушылары арасында «Бауырсақ» ертегісінен қойылым қойылды. Желтоқсан айында желтоқсан құрбандарына арналған «Желтоқсан ызғырығы» тақырыбында қойылым көрсетілді. Қаңтар айында «Поэзия падишасы» тақырыбында Фариза Оңғарсыноваға арналған, поэзиялық кеш өткізілді. Ақпан айында Мұқағали Мақатаевқа арналған «Әр өлеңі бір әлем» тақырыбында поэзия кеші өтті. Науырыз айында ұмыт болып бара жатырған салт-дәстүрлерімізді жаңғырту барысында «Бәсіре» дәстүріне қойылым қойылды. Сәуір айында Ә.Кекілбаевтың «Ең бақытты күн» шығармасына қойылым қойылып, оқушылар аудандық жарысқа қатынасып, жүлделі 2ші орынды иеленді. Жыл соңында оқушыларға «Театр және менің әлемім» тақырыбында жалпы театрға қатынасып жүрген оқушылардан сауалнама алынды.

Театр жетекшісі:

Жалмұқанова А.

«Балалар және театр» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар суреттері
2021-2022 оқу жылы



«Желтоқсан ызғырығы»



«Наурыз –жыл басы» салт-дәстүр туралы
көрініс. «Бәсіре» дәстүрі
Ә.Кекілбаев «Ең бақытты күн»



«Әр өлеңі бір әлем» М.Мақатаев

